

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 1999 жылғы 6 мамыр N 378.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2733 Z952733_ конституциялық заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 172-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Тақырып пен кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы
Қазақстан Республикасының Президенті туралы

Осы Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық жағдайын белгілейді."

2. 20-баптың 4-тармағындағы, 35-баптың 2-тармағының

1) тармақшасындағы, 38-баптағы "осы Жарлықтың", "Осы Жарлық" деген сөздер тиісінше "осы Конституциялық заңның", "Осы Конституциялық заң" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 3-баптың 2-тармағындағы "Президент кезектен тыс сайлауда сайланған ретте ант беру сайлау нәтижелері жарияланған күннен бастап бір ай ішінде өткізіледі" деген сөздер "Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күннен бастап бір айдың ішінде ант береді." деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 4-бапта:

1-тармақтағы "бес" деген сөз "жеті" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақ алып тасталсын.

5. 7-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы алып тасталсын.

6. 8-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) Парламент Сенатының келісімімен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасын қызметке тағайындайды; оны қызметтен босатады."

7. 9-бапта:

2) тармақшадағы "Парламенттің өкілеттік мерзіміне" деген сөздер "Сенаттың өкілеттік мерзіміне" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Парламенттің қалған өкілеттік мерзіміне" деген сөздер алып тасталып, "Сенат" деген сөздің алдынан "қалған мерзімге" деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақшадағы "өтінішін қарайды" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ Парламенттің тиісті Палатасы Палата депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің көпшілік даусымен Республика Президентіне Үкіметтің осы мүшесін қызметінен босату туралы алғаш өтініш берген күннен бастап алты ай өткен соң ол туралы қайталап мәселе қойса, Үкіметтің ол мүшесін қызметінен босатады;" деген сөздермен толықтырылсын.

8. 10-баптың 9) тармақшасы "шешімді қабылдайды" деген сөздердің алдынан ", сондай-ақ Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей отырған Үкімет мүшесі мәлімдеген орнынан түсуі туралы" деген сөздермен толықтырылсын.

9. 16-баптың 1) тармақшасындағы "Төрағасын" деген сөзден кейін "және екі мүшесін" деген сөздермен толықтырылсын, "оны" деген сөз "оларды" деген сөзбен ауыстырылсын.

10. 17-бап мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) аудандардың, қалалардың (астана мен республикалық маңызы бар қалаларды қоспағанда), қалалардағы аудандардың, ауылдық (селолық) округтердің, ауылдардың, селолардың (поселкелердің) әкімдерін тағайындаудың немесе сайлаудың тәртібін белгілейді."

11. Мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Республика Президентінің өзіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдарға қатысты өкілеттігі

1. Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының өкілеттігі жаңадан сайланған Президент қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады. Бұл орайда олар Мемлекет басшысы осы органдардың басшыларын тағайындағанға дейін өз міндеттерін атқара береді.

2. Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының ұсынуы бойынша Республика Президенті:

1) осы мемлекеттік органдар туралы ережелерді, олардың құрылымы мен жалпы штат санын бекітеді;

2) егер Республика Президенті өзгеше белгілемесе, Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін органдар басшыларының орынбасарларын, осы органдар ведомстволарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) аталған мемлекеттік органдардың ведомстволарын құрады, таратады және қайта ұйымдастырады. Егер Республика Президенті өзгеше белгілемесе бұл ведомстволар орталық атқарушы органдардың ведомстволары үшін көзделген мәртебені иеленеді.

3. Республика Президенті өзі белгілейтін тәртіп пен мерзімде Республика Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының аталған органдардың жұмысы туралы есептерін тындайды."

12. 18-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай мазмұндағы сөйлемдермен толықтырылсын: "Егер Республика Президенті Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару туралы Парламенттің ұсынысын қабылдамай тастаса, Парламент Палаталарының әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінші көпшілік дауысымен Парламент Конституцияға осы өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы заң қабылдауға құқылы.

Мұндай жағдайда Республика Президенті бұл заңға қол қояды немесе

оны республикалық референдумға шығарады."

13. 19-бапта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) стратегиялық жоспарларды, республикалық бюджетті және оның орындалуы туралы есепті әзірлеу тәртібін белгілейді, мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық жоспарларды бекітеді;"

9) тармақшадағы "құрады" деген сөзден кейін үтір қойылып,

"таратады және қайта ұйымдастырады"; деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Президенттің Әкімшілігін құрады;"

12) тармақшада "Республика" деген сөзден кейін "Конституциясына және" деген сөздермен толықтырылсын.

14. 27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

27-бап. Қазақстан Республикасының Президенті өкілеттігінің ауысуы

1. Қазақстан Республикасының Президенті қызметінен мерзімінен бұрын босатылған немесе кетірілген, сондай-ақ ол қайтыс болған жағдайда Республика Президентінің өкілеттігі қалған мерзімге Парламент Сенатының Төрағасына ауысады; Сенат Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда ол Парламент Мәжілісінің Төрағасына ауысады; Мәжіліс Төрағасының өзіне Президент өкілеттігін қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда ол Республиканың Премьер-Министріне ауысады. Өзіне Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған адам тиісінше Сенат Төрағасының, Мәжіліс Төрағасының немесе Премьер-Министрдің өкілеттігін доғарады.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша

өзіне Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін қабылдаған адамның Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларға бастамашы болуға құқығы жоқ."

15. 30-бап мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Республика Президенті қызметінің бүкіл кезеңіне Республика Президентінің жеке кітапханасы мен жеке мұрағаты құрылады және қалыптастырылады."

16. 35-бапта:

2-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасы Президентінің жеке мұрағаты мен жеке кітапханасының материалдары Республика Президенті ретіндегі қызметтік жұмысы аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасы Экс-Президентінің меншігінде болады."

Қазақстан Республикасының

Президенті

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.